



## **БЕКІТЕМІН**

**«Қостанай облысы  
әкімдігінің мәдениет  
басқармасы» ММ басшысы**  
*Е. Қалмақов*  
**2019 жылғы «\_\_» қаңтар**

### **Облыстық «Ғасырлар пернесі» ұлт аспаптар ансамбльдерінің фестивалі**

#### **ЕРЕЖЕ**

##### **Ұйымдастырушылар**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ
- «Облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылық орталығы және кино бейне қоры» МКҚК

##### **Мақсаты:**

- қатысушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін және орындаушылық шеберлігін жетілдіру;
- ұлттық мәдениеттің біртұтастығын сақтау мақсатында орындаушылық өнерді жариялы ету, көпшілікке таныту;
- ұлт аспаптар ансамбльдерінің сапалық артықшылықтарын көрсету, оның әуендік, әуездік жоғары мүмкіндіктерін анықтау;
- ұжымдармен, орындаушылармен одан әрі қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық мақсатында шығармашылық тәжірибе алмасу.

##### **Өтетін орны және мерзімі**

- Фестиваль 2019 жылғы қазан айында Алтынсарин аудандық мәдениет Үйінде өтеді.

##### **Фестивальдің жалпы сипаттамасы**

- Фестиваль 1 кезеңнен тұрады

##### **Фестивальдің жүргізілу реті**

- 1 немесе 2 күй орындау (әр түрлі стильде (төкпе, шертпе));
- ансамбльдердің өнерін тамашалау бағдарламаларында әр түрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі өңделген қазақ халық әуені немесе жергілікті композиторлардың немесе ақындардың сөзіне жазылған шығарма болуы керек. Фестивальде орындалатын шығармалар саны – төрттен кем болмауы керек. Әр ұжымның әзірлеген бағдарламасының ұзақтығы 15 минуттан аспауға тиіс;
- ансамбльдің сүйемелдеуімен 1 ән орындалады;
- міндетті түрде 1 терме немесе толғау орындалады;
- күй жеке орындауда немесе дуэт болуы мүмкін;

- әр орындалатын шығарма тақырыбына сай бейнематериалмен (видео слайдпен) көркемделуі шарт;
- ансамбль қатысушыларының құрамы 12 – 15 адамнан көп болмауы тиіс;
- фестивальдерге қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шек қойылмайды;
- фестивалде орындалатын шығармалар жатқа орындалуы талап етіледі.

### **Өтініштерді тапсыру шарттары**

Облыстық фестивальге қатысу өтінімі және орындау бағдарламасы, қосымша ұжым жөнінде мәлімет, ұжымның тізімі, жетекшісінің аты- жөні 2019 жылғы 14 қыркүйекке дейін қабылданады. (Орындау бағдарламасын, өтінімдегі нұсқауды өзгертуге болмайды).

**Мекен-жайы:**Қостанай қаласы, Әл- Фараби көшесі, 111- А, Тел.: 8(7142) 392 390; 392 393.

**Факс:** 8(7142) 392 395; e-mail: [odk\\_yunost@mail.ru](mailto:odk_yunost@mail.ru)

### **Тамақтану, жататын орны және жолақысы**

- Фестивальге қатысушылардың жол шығындары (тамақтануы, жол ақысы) жіберуші жақтың есебінен.